



010000 Нұр-Сұлтан қ.,
Есіл ауданы, Министрліктер үйі
Мәңгілік Ел даңғылы, 8 үй, 16В кіреберіс
тел.: 8(7172) 74-99-80
e-mail: kib@mdai.gov.kz

010000, город Нур-Султан
Есильский район, Дом Министерств
пр. Мәңгілік Ел, дом 8, подъезд 16В
тел.: 8(7172) 74-99-80
e-mail: kib@mdai.gov.kz

№ 27-1-27/910-И от 20.12.2020

№

**«Қазақ торап ақпарат
орталығы» мекемесі**

**Тіркелушілерге
(тізім бойынша)**

*Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан
аппараттық-бағдарламалық кешендерде
KZ және (немесе) .ҚАЗ домендік аттармен тіркелген
интернет-ресурстарды орналастыруға қатысты*

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Комитет) ақпараттық қауіпсіздік режимін қамтамасыз ету және «Ақпараттандыру туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 56-1-бабының талаптарын орындау шеңберінде, сондай-ақ неғұрлым жиі қойылатын сұрақтарды түсіндіру мақсатында келесіні хабарлайды.

Бұл норманы енгізу айтарлықтай пайдаланылмайтын ресурстары бар отандық деректерді өңдеу орталықтарын толыққанды жүктеу үшін Қазақстан аумағында аппараттық-бағдарламалық кешендерді орналастыру қажеттілігіне байланысты болды.

Заңнамалық деңгейде қабылданған түзету «цифрлық егемендікті» қамтамасыз ету тәсілдерін іске асыру жөніндегі қадамдардың бірі екенін атап өткен жөн, бұл туралы Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Қазақстан жаңа нақты ахуалда: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тікелей мәлімдеді.

Түзету қабылданған сәттен бастап оны техникалық іске асыру бойынша жұмыстар басталды. Мәселен, Интернет кеңістігінің мониторингі бойынша қызметтер шеңберінде «WebTotem» отандық жүйесімен Интернеттің қазақстандық сегментінде бастапқыда 45000-ға жуық домендік атаулар

анықталды, ал бұзушылықты жою шеңберінде жоғарыда көрсетілген талапты бұза отырып, 41047 домендік атауға дейін төмендетілді.

Тиісті хабарламалар «Қазақ торап ақпарат орталығы» мекемесіне жіберілді және **2020 жылғы 30 қарашаға дейінгі** мерзімде бұзушылық фактісін растау немесе теріске шығару мақсатында тіркеушілерге, сондай-ақ тіркелушілерге жеткізілді.

Бүгінгі таңда барлық домендік атаулар штаттық режимде жұмыс істейді.

Сонымен қатар, аталған рәсімді техникалық іске асыру уақыт пен интернет-ресурстар иелері үшін қаржылық шығындарды қайта бөлуді талап ететінін түсіне отырып, Комитет заңнама талаптарын орындау мерзімін **2021 жылғы 1 ақпанға дейін** ұзарту туралы шешім қабылдады.

Бұзушылық жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2018 жылғы 13 наурыздағы № 38/НҚ бұйрығымен бекітілген Интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауды тіркеу, пайдалану және бөлу қағидаларының 16-тармағының б) тармақшасына сәйкес интернеттің қазақстандық сегментінің кеңістігінде домендік атауды пайдалану тоқтатыла тұрады.

Сондай-ақ, қосымшаға сәйкес жиі қойылатын сұрақтарға түсініктеме жібереміз.

Қосымша 4 парақта.

Төраға

Р. Абдикаликов

✉ А. Алтаева
☎ +7 (7172) 74-94-85
✉ a.altaeva@mdai.gov.kz

Согласовано

20.12.2020 12:29 Усеинов Темирлан Нурланович

20.12.2020 13:13 Мустагулов Талгат Сарсенбаевич

Подписано

20.12.2020 15:09 Абдикаликов Руслан

КОМИТЕТ ПО ИНФОРМАЦИОННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ - Алтаева А. А.